



Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1089 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 603 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі 98-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1089 қаулысымен
бекітілген

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 98-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін (бұдан әрі – бірлестіктер) аккредиттеу жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің кәсіпкерлік

мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдіруге белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін тиісті орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) тануы болып табылады.

3. Мыналар аккредиттеуге жатады:

1) республикалық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктері, республикалық салааралық, салалық бірлестіктер, сондай-ақ шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктері;

2) облыстық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерліктің облыстық бірлестіктері, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктерінің филиалдары;

3) қалалық, аудандық деңгейлерде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерліктің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктерінің филиалдары.

4. Егер аккредиттеуге бір өңірді, бір саланы білдіретін екі және одан көп бірлестік үміткер болған жағдайда, онда жиынтығында осы бірлестіктің мүшелері болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілеріндегі жұмыскерлердің саны көп бірлестік аккредиттеуге жатады.

Егер аккредиттеуге бір әкімшілік-аумақтық бірлестікті, қызметтің бір саласын білдіретін екі немесе одан да көп коммерциялық емес ұйым үміткер болған жағдайда, онда жиынтығында осы коммерциялық емес ұйымның мүшелері болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілеріндегі жұмыскерлердің саны көп коммерциялық емес ұйым аккредиттеуге жатады.

5. Мемлекеттік орган аккредиттеуді жүзеге асырудың мерзімдері мен шарттары туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі хабарландыру жарияланғаннан кейін, жыл сайын аккредиттеуді жүзеге асырады.

Аккредиттеуді республикалық деңгейде жүзеге асыру кезінде хабарландыру Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында не мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады. Аккредиттеуді облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде жүзеге асыру туралы хабарландыру тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында не мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады.

6. Аккредиттеуді объективті және білікті түрде жүзеге асыру мақсатында әрбір мемлекеттік органда аккредиттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия

) құрылады. Комиссияның құрамы және ол туралы ереже мемлекеттік орган басшысының шешімімен бекітіледі.

2. Аккредиттеу жүргізудің тәртібі

7. Аккредиттеу алу үшін өтініш беруші мемлекеттік органға мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішті;

2) салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, құрылтай құжаттарының және бірлестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

3) бірлестік мүшелерінің тізімін ұсынады.

8. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі мынадай кезеңдерді:

1) мемлекеттік органның аккредиттеуді жүргізуге өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруын;

2) бірлестіктердің өтініштерді және 7-тармақта көзделген құжаттар пакетін беруін;

3) комиссияның аккредиттеу материалдарын қарауын;

4) мемлекеттік органның аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауын;

5) аккредиттеу туралы куәлікті немесе негіздемесімен бірге аккредиттеуден бас тарту туралы жазбаша хабарламаны беруді қамтиды.

9. Мемлекеттік орган аккредиттеуді жүргізуге өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

Мемлекеттік органда аккредиттелуге үміткер бірлестіктер хабарландыру жарияланған күнінен бастап он жұмыс күн ішінде Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттар пакетін ұсынады.

10. Бірлестіктер ұсынған материалдарды қарау ұсынымдар бойынша мемлекеттік орган аккредиттеу туралы күәлік беру немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайтын комиссия отырысында жүзеге асырылады.

11. Құжаттарды қарау және аккредиттеу туралы куәлікті беру туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

12. Егер:

1) ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;

2) бірлестік өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асырмаған;

3) ұсынылған құжаттарда сенімсіз немесе толық емес мәліметтер болған жағдайда аккредиттеуден бас тартылуы мүмкін.

13. Аккредиттеу туралы куәлік осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жыл мерзімге беріледі.

Мемлекеттік органдарда қатарынан екі реттен көп аккредиттелген бірлестіктер аккредиттеу туралы куәлікті мерзімсіз негізде алады.

14. Аккредиттеу туралы куәлік жоғалған кезде бірлестік оның телнұсқасын куәлікті берген мемлекеттік органнан тиісті өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ала алады.

15. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын мемлекеттік орган аккредиттеуге ұсынылған құжаттарда сенімсіз немесе бұрмаланған деректер анықталған жағдайда комиссияның ұсынымы бойынша тоқтата тұрады.

16. Куәліктің қолданылуының тоқтатыла тұруына әкеп соққан бұзушылықтар жойылған кезде мемлекеттік орган комиссияның оң ұсынымы негізінде бұзушылықтар жойылған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде оның қолданылуын жаңғыртады.

17. Аккредиттеу туралы куәлік:

1) куәліктің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтар бір ай ішінде жойылмаған;

2) аккредиттелген бірлестік қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) бірлестік куәліктің қолданылуын ерікті тоқтату туралы өтініш берген;

4) оның қолданылу мерзімі өткен;

5) Кодекстің 66-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген талап үш реттен астам бұзылған;

6) Кодекстің 65-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, мемлекеттік органдар белгілеген нормативтік құқықтық актілерді қарау мерзімі бұзылған жағдайда қолданылуын тоқтатады.

18. Комиссия аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтату мәселелерін он жұмыс күні ішінде қарайды.

19. Мемлекеттік орган бірлестікті аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы бес жұмыс күні ішінде (мемлекеттік орган бұзушылықтарды тапқан сәттен бастап) хабардар етеді.

Ескертпе:

* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін

берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің
бірлестіктеріне аккредиттеу
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Кімге _____

(орталық мемлекеттік немесе

жергілікті атқарушы орган басшысының

лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса))

Кімнен _____

(бірлестік басшысының

лауазымы Т.А.Ә. (бар болса))

Деректемелер:

(заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

Өтініш

(орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органының атауы)

жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қызметі шеңберінде жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізу құқығын тану үшін _____

(бірлестіктің атауы)

аккредиттеуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілді:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

М.О. _____

(қолы) (лауазымы, Т. А. Ә. (бар болса))

200__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің
бірлестіктеріне аккредиттеу
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Елтаңба

—
(бірлестіктің атауы)
аккредиттеу туралы КУӘЛІК

—
(орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органының атауы)

—
(бірлестіктің атауы)

—
(орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органының атауы)
жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің
қызметі шеңберінде _____

—
(бірлестіктің атауы)
жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің
жобаларына сараптама жүргізу құқығын таниды.

(200 жылғы " __ " _____ № _____ бұйрық)

Куәлік 200 жылғы " __ " _____ дейін жарамды

Орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның басшысы
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Сериясы:

Берілген күні:

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1089 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы № 477 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 19, 190-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы № 477 және 2006 жылғы 2 маусымдағы № 496 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қазандағы № 1513 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 41, 396-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1524 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 78, 1037-құжат).